

Қатысқандар: 9

Күн тәртібінде:

1. Білім беру басшысының есебі (Мектеп директоры А.Истегулова)
2. Оқу жылының қорытындысы
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директоры А.Истегулова. 2023-2024 оқу жылындағы Бестамақ орта мектебінде оқу жылдың басында мектепте 711 оқушы есепке алынды. ІҮ тоқсан аяғында 716 оқушы (қазақ кластарында - 640, орыс кластарында -76) есепке алынды. Мектеп бойынша білім сапасы 57 пайыз, үздіктер -129 оқушы. Биылғы оқу жылында көптеген жетістіктерге жетіп, оқушыларымыз аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық жарыстарда, олимпиада, ғылыми жобаларда жүлдегерлер атанды, келесі оқу жылында қатарымызды көбейтеміз деп жоспарлаудамыз.

Бірінші мәселе бойынша Бесқоспа орта мектебінің мұғалімі, кеңес мүшесі Аекешов Нуржан сөз алды. Бесқоспа орта мектебінің түлектері: 9 класс бойынша - 9, 11 класс бойынша - 10 оқушы. 2023-2024 оқу жылы бойынша білім сапасы -48,6 пайыз, екпінділік саны -25, үздіктер саны - 15.

Кеңес мүшесі С.Есекенова мектеп басшысын жетістіктермен құттықтап, алдағы уақытта сәттілік тілейтінін айтты. Біз ауылымыздағы жалғыз білім ордасы осынша дәрежеде дамып келе жатқанына қуанамыз, жобаға білім ордасының кіріп, көптеген жетістіктерге жетуі бәріміз үшін қуантарлық жағдай. Облыс бойынша алдыңғы қатарлы білім ордасына айналдыру үлкен жұмыс, Сіздің және ұжымыңыздың жемісі деп сөзін қорытындылады.

Екінші мәселе бойынша мектеп басшысы биылғы оқу жылында жалпы білім беретін мектептерде оқу сабақтары 2024 жылдың 25 мамырында аяқталатынын атап кетті. 24 мамыр күні барлық сыныптар үшін «Білімім- Отаныма» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өтеді.



Сонымен қатар 27-31.05.2024 ж аралығында 9,11 кластардан басқалары үшін «Жазғы мектеп» ұйымдастырылады.

Биылғы оқу жылының тағы бір ерекшелігі 5,6,7,8,10 класс оқушылары қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен емтихан тапсырады.

Сонымен бірге үшінші маусымнан бастап мектеп жанындағы «Ақ көгершін» жазғы лагері басталатынын айтты.

Қаулы:

1. Білім беру ұйымының басшысының есебі « қанағаттанарлық» деп танылсын.
2. «Жазғы мектеп» пен «Жазғы лагерь» тиісті деңгейде ұйымдастырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы  Султанов М
Қамқоршылық кеңесінің хатшысы  Доцанова Г.К.